

Бекітемін:

Мектеп директоры М.У.А

Ж. Сатыбаддин *Ж. Сатыбаддин* 07.09.2024

Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінің 2024-2025 оқу жылы кітапханашылардың қыркүйек айының жоспары.

№/с	Атқарылатын іс-шара	Мерзімі	Жауапты
1	«Кітап -білім бұлағы»	Қыркүйек	Кітапханашы
2	5-қыркүйек Тілдер күніне орай «Тілім менің- тірегім»	Қыркүйек	Кітапханашы
3	«Кітапханаға саяхат»	Қыркүйек	Кітапханашы
4	«Сүйікті кітаптар» отбасылық квест	Қыркүйек	Кітапханашы
5	«Оқуға құштар мектеп» жобасы Әбілхан Қастеевтің 120 жылдығы	Қыркүйек	Кітапханашы

Кітапханашылар: М.Динасилова

А. Батан

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі 2024-2025 оқу жылыны арналған кітапханашылардың қыркүйек айының жоспары

**Кітапхана меңгерушісі: Динаилова М
Батан А**

2024-2025 оқу жылы

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі

Мәлімет

Тақырыбы: «Тілім менің тірегім»

<https://www.facedook.com/share/p/НрА1кеВ7szYхамZ4/?mibextid=xfxF2i>

Орындаған: Динасилова М

Батан А

2024ж

№46 Абай атындағы жалпы мектебінде 5-қыркүйек Тілдер Мерекесіне орай «Тілім менің тірегім» тақырыбында мектеп кітапханашылары М. Динасилова, Батан Аиданың ұйымдастыруымен іс-шара өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға мемлекеттік тіл өркендеп, оянуына, мемлекеттік тілімізді құрметтеуге, мемлекеттік тілді аяққа баспай, мәртебесін биік ұстауға жөнінде, салт-дәстүрі, діні, тіл ерекшеліктері, салт-дәстүрі, діні, тіл ерекшелігі болатынын түсіндіру. Оқушылардың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту, сөздік қорын молайту.

Қазіргі қазақ тіліне көрсетілетін сый-құрмет ерекше қалыптасып келеді. Елбасы жыл сайынғы халыққа жасаған жолдауларында басым бағыттарының бірі- мемлекеттік тілді жан- жақты дамытуды басты назарда ұстап келді. Еліміз бәсекелес елдердің қатарында көрінуін қаласақ, тіліміздің тұғырын биіктете беруіміз керек.

Халықпен бірге мәңгі жасайтын тіл байлығы екенін ұмытпайық.



№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі

Мәлімет

Тақырыбы: «Оқуға құштар мектеп» жобасы Әбілхан Қастеевтің 120 жыл



Орындаған: Динаилова М

Батан А

2024-2025 жыл

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Әбілхан Қастеевтің 120 жылдығына аралған іс-шара кітапханашылардың ұйымдастыруымен 3-4 сынып жетекшілерімен бірлесіп оқушыларымыз табиғат тақырыбында суреттер салынды. Ұлы суретшінің расында бірнеше еңбектері шет елдерге бағаланғаны әр бір суреттің бірнеше тарих пен ұштасқаны байқалады. Арнайы ұйымдастырылған іс-шараға оқушылар белсене қатысып, қызығушылық танытты.



№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі

Мәлімет

Тақырыбы: «Кітапханаға саяхат».

<https://www.facebook.com/p/HpA1keB7szYxamZ4/?mibextid=xfxF2i>

Орындаған: Динасилова М

Батан А

2024 ЖЫЛ

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде кітапханасына «Қарлығаш» балабақшасынан бүлдіршіндер арнайы саяхатқа келді.

Мақсаты: Мұндағы оқулықтармен танысып ертегі кітаптар оқып кітапхана қызметкерлері бүлдіршіндерге қызықты әңгімелер оқып мектепке деген құштарлықтарын оятты ,Бүлдіршіндер тіпті ертегіден естігендер бірден суретке салып,тапсырмаларын орындап бірі қария болып бата берсе ,бірі әжелерге ұқсап тәтті тілдерімен қызықтырып мейірімге бөледі .Алдағы уақытта бұл іс-әрекет қайталанып тұратындығы жеткізіліп өздеріне қызықты керекті дүниелер мәлім



№46 Абай атындағы жаңы білім беретін мектебі

Мәлімет

Тақырыбы: «Кітап –білім бұлағым».

<https://www.facebook.com/p/НрА1кеВ7szYхамZ4/?mibextid=xfxF2i>

Орындаған: Динасилова М

Батан А

2024 ЖЫЛ

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2024 жылы 03 қыркүйек күні «Кітап-білім бұлағы» атты іс шара өтті.

Мақсаты: Мектеп оқушыларын кітап оқуға тарту. Кітап оқуға деген сүйіспеншілігін арттыру. Кітапты күтіп, оны таза, ұқыпты ұстауға үйрету.

Кітап білім бұлағы. Кітап білімнің қайнар көзі. Онсыз, яғни кітапсыз өмір сүру ХХІ ғасырда мүмкін емес екендіге мәлім. Кітапхана дәл мәнді білім береді, себебі ол адамды терең ойлауға жетелейді. Әр адам кітаптың бетін ашқан сайын оның әлемінің тылсым табиғаттын, жаңа құндылықтарды үйренеді. "Наданмен дос болғанша, кітаппен дос бол" деп текке айтылмаған. Кімде де болса білімділікке сәл-пәл болсада құштарлығын дамытуға көмектеседі. Кітап оқыған адамның шетте қалмасы анық.

Қазіргі заманың техниканың дамуына байланысты "кітапханалардың болашағы жоқ" деген сөздің қисыны келмейді. Себебі, компьютер адамның денсаулығына, әсіресе көзіне зиян. Егер кітапхана болмаса бізден көз қалама. Сондықтанда болашақ адамның өз қолында - кітапхананың әлі де болса маңызы бар екенін дәлелдейік.

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі білім қазынасы. Ал білім сипаты алуан түрлі. Ол ұрпақтан ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы.



№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі

Мәлімет

Тақырыбы: «Сүйікті кітаптар»

<https://www.facedook.com/p/НрА1кеВ7szYхамZ4/?mibextid=xfxF2i>

Орындаған: Динаилова М

Батан А

2024ж

№ Абай атындағы білім беретін мектебінде 2024 жыл 2-8 қыркүйек күндері аралығында «Отбасы күні» атты іс-шара жоспарына сәйкес 5-қыркүйек күні мектеп кітапханашылары М.Динаилова және Батан Айданың ұйымдастыруымен «Сүйікті кітаптар» отбасылық квест 1-4 сыныптар арасында өткізді.

Мақсаты: отбасы күніне кеңінен атап өту отбасылық құндылықтарды ілгерілетуге, отбасы мен некенің жағымды бейнесін дамытуға, көрсете отырып Отбасы мәртебесін көтеруге ықпал ету.

Заманға сай отбасында бала тәрбиелеу аса үлкен жауапкершілікпен білімді талап етеді. Қазақ үшін отбасынан киелі ештеңе жоқ. Өмірге келген нәрестеге ана мақабатымен кіршіксіз таза көңілі ауадай қажет. Отбасы-сыйластық, жарастық орнаған орта.

Отбасы-адамзат баласының дүниеге шыр етіп келгенде, есігін айқара ашып енетін үйі, өсіп ер жететін, тәрбие алатын бесігі. Қай заманда, қай елде болмаса да отбасының адамзат ұрпағына ықпал мен әсерін өмірдегі басқа еш нәрсені еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды.

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі 2024-2025 оқу жылына арналған кітапханашылардың қазан айының жоспары

Кітапхана меңгерушісі: Динасилова М


Батан А

2024-2025 оқу жылы



Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінің 2024-2025 оқу жылғы
кітапханашылардың қазан айының жоспары.

Атқарылған іс-шара	Мерзімі	Жауапты
«Қариясы бар үйдің қазынасы бар»	Қазан	Кітапханашы
«Ұстаз-ұлы тұлға»	Қазан	Кітапханашы
«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Әбдіжәміл Нұрпейісовтың 100 жылдығы	Қазан	Кітапханашы
XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекілік өкілдері Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл	Қазан	Кітапханашы
«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сынып оқушыларына Ертегілер еліне саяхат	Қазан	Кітапханашы
«Рәміздерім – мақтанышым» кітап көрмесі	Қазан	Кітапханашы

Кітапхана меңгерушісі: Динаилова М. 

Кітапхашы: Батан А. 

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі

Мәлімет

Тақырыбы: «Қариясы бар үйдің қазынасы бар».

<https://www.facebook.com/p/НрА1кеВ7szУхамZ4/?mibextid=xfxF2i>

Орындаған: Динаилова М

Батан А

2024 жыл

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінің халықаралық қарттар күніне «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» атты іс-шара кітапханашылардың ұйымдастыруымен оқушыларға 1-қазан қарттар күні туралы түсінік бере отырып, қарттарды құрметтеп қарауға, сыйлауға үйрету түсіндіру.

«Қарты бар үйдің-қазынасы бар», - деп, дана халқымыз айтқандай, үйінде қариясы бар жанұя-шынында да, қазыналы, берекелі жанұя. «Ақсақалы сиреген ауылдан арман кашады», - деген қанатты сөздер бар. Өйткені кез келген қазақ шаңырағындағы ата-ана өз баласын үлкендерді сыйлауға әрбиелейтіні ақиқат.



№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі

Мәлімет

Тақырыбы: «Ұстаз-ұлы тұлға».

<https://www.facebook.com/p/НрА1кеВ7szҮхамZ4/?mibextid=xfxF2i>

Орындаған: Динасилова М

Батан А

2024 жыл

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде 5-қазан мұғалімдер күніне орай «Ұстаз-ұлы тұлға» атты іс-шарамыз кітапханашы Динаилова М. Батан Айданың ұйымдастыруымен өткізілді.

Мақсаты: Оқушы бала бойында мектеп мұғаліміне деген сүйіспеншілікті ояту, ұстаз еңбегін бағалау мен жанашырлық сезімін қалыптастыру.



№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі

Мәлімет

Тақырыбы: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында

Әбдіжәміл Нұрпейсовтің 100 жылдығы

<https://www.facebook.com/p/НрА1кеВ7szҮхамZ4/?mibextid=xfxF2i>

Орындаған: Динаилова М

Батан А

2024 жыл

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Әбдіжәміл Нұрпейісовтың 100 жылдығына орай «Қан мен тер» трилогиясы, «Соңғы парыз» дилогиясын 9-сынып оқушылары әңгімелеп берді.

Мақсаты: Шығармашылы туралы мағлұмат беру. Оқырмандар өз ойларын толық жеткізе білу.



Мәлімет

Тақырыбы: «XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекілік
өкілдері Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәкен
Сейфулиннің туғанына 130 жыл

<https://www.facebook.com/p/НрА1кеВ7szYхамZ4/?mibextid=xfxF2i>

Орындаған: Динасилова М

Батан А

2024 жыл

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде
XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекілік өкілдері Бейімбет
Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфулинін туғанына 130 жыл
атты кітапханашылардың ұйымдастыруымен 1-сынып
оқушыларымен өткізілді. 20---30 жылдар қазақ кеңес әдебиетінде
проза, драматургия және әдеби сын сияқты жанрлар дамыған
кезеңдер болды.



№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі

Мәлімет

Тақырыбы: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш
сынып оқушыларына Ертегілер еліне саяхат

<https://www.facebook.com/p/НрА1кеВ7szYхамZ4/?mibextid=xfxF2i>

Орындаған: Динасилова М

Батан А

2024 жыл

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі

Мәлімет

Тақырыбы: «Рәміздерім-мақтанышым» кітап көрмесі

<https://www.facebook.com/p/HpA1keB7szYхамZ4/?mibextid=xfxF2i>

Орындаған: Динаилова М

Батан А

2024 жыл

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Рәміздерім-мақтанышым» атты іс-шара мен көрме өткізілді. Рәміздерді сөз еткенде «ұлттық» сөзі ойға оралады. Ұлттық рух, ұлттық болмыс, ұлттық сана... Қай рәмізді алсақ та, ұлттық нақыштан аспаған. Тудың түсі, қалықтаған қыран бейнесі, жарқыраған күн мен одан сәуледей таралған 32 шуақ, тігінен салынған ою-өрнек, бәрі-бәрі бір-бірімен астасқанда ұлттық көрінісімізден бірден хабар береді. Елдіктің нышаны саналатын Елтаңба ассоциациясы да ерекше. Шаңырақ, қанатты пырақ, жұлдыз бір-бірімен үйлесім тапқан.



№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі 2024-2025 оқу жылыны арналған кітапханашылардың қараша айының жоспары

Кітапхана меңгерушісі: Динасилова М

Батан А

2024-2025 оқу жылы

Бекітемін:

Мектеп директоры:

Б.Рысбаев _____

Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінің 2024-2025 оқу жылғы кітапханашылардың қараша айының жоспары.

қ/с	Атқарылатын іс-шара	Мерзімі	Жауапты
1	«Қан қызындай Ханбибі»	Қараша	Кітапханашы
2	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Мен және менің отбасым» қандай кітап оқиды?	Қараша	Кітапханашы
3	Қазақстан Республикасының халықаралық валютасы күні (1993)	Қараша	Кітапханашы
4	«Оқу сағаты»	Қараша	Кітапханашы
5	Оқулық тексеру рейді «Таза кітап»	қараша	Кітапханашы

Кітапханашылар: М.Динасилова

А. Батан

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі

Мәлімет


Тақырыбы: «Таза кітап»

Орындаған: Динасилова М

Батан А

2024 жыл

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде 26.11.2024ж
шығармалардың қолындағы кітаптарға «Таза кітап» оқулық тексеру рейді
өткізілді. Білім алушыларды кітапханалық оқулықтарға дұрыс және ұқыпты
қолдануға үйрету, сабақта оқулықтардың болуы, сондай-ақ оқулықтардың сыртқы
жағдайы тексерілді. Шараға кітапхана белсендісі Б. Сманов пен кітапханашысы А.
Аманжолқызы қатысты. Оқулықтарыңыз қандай жағдайда екенін қараңыз. Оқулықтар
таза болуы керек.



№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі

Мәлімет

Тақырыбы: «Мен және менің отбасым»

Орындаған: Динасилова М

Батан А

2024жыл

Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Оқуға құштар мектеп» аясында «Мен және менің отбасым» қандай кітап оқиды? Атты іс-ітапханашылардың ұйымдастыруымен өткізілді.

ты: Оқырмандарды отбасымен кітап оқуға шақыру. Оқушыларды жас отбасымен кітап оқуға дағдыландыру. Кітапхана мен отбасындағы тұрақты қарым-қатынасты қалыптастыру. Балаларды жас кезінде оқуға қызықтырып, отбасылық оқу дағдыларына бейімдеу, кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған.

Оқушылық оқуға анасы Түрсүнкулова Алия баласы Аманбеков Нұрсапар қатысты. Анасымен баласы «Абай тағылымы» кітабын оқыды. Оқушылар баланың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру жөніндегі оқыған қызықты кітаптары жайлы пікірлерін айтты. Балалардың «Абай тағылымы» тақырыбы бойынша білімдерін кеңейту, отбасында кімдер кімдерін, отбасы мүшелерінің не істей алатынын айта алуға үйрету.



жасайың
Досың

№246 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі

Мәлімет

Тақырыбы: «Хан қызындай Ханбибі»

Орындаған: Батан А

2024-2025 ж

Түркістан облысы Келес ауданы Ошақты ауылдық №46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде Ошақты ауылдық округі кітапханашысы мен Береке ауылдық кітапханашыларымен бірлесіп Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, III дәрежелі «Барыс» «Парасат» іздендерінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, ақын, жазушы, журналист Ханбибі Есенқарақызының 75 жасқа толуына орай «Хан қызындай Ханбибі» атты мәнерлеп оқу сағаты болып өтті.

Мақсаты: Оқырмандарға Ханбибі апамыздың кітаптары жайында танылған білім беру, ақын-жазушымызды дәріптеу шығармашылығын насихаттау.

Шара барысында Ошақты ауылдық №46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінің директоры Б.Рысбаев алғы сөз сөйлеп, мәнерлеп оқығанын ашып берді. Береке ауылдық кітапханашысы Айнұр Нақыпбаева Ханбибі Есенқарақызының өмірбаяны мен шығармашылығы жайында таныстырып өтті. Тақырыпқа сай жасалынған «Хан апаның қазынасы» слайд көрмесін Ошақты ауылдық кітапханашысы Ақерке Тургунбаева таныстырып өтті. Ханбибі Есенқарақызының өлеңдерін оқығандар. Төл ауылы «Абай» Орынбасар Мөлдір «Анама хат» Пердебек Жаннұр «Өмірлік қашықпын» Смайыл Әдемі «Сәби көзбен» Ерланқызы Асылзат «Анама базары» Аманбек Айарау «Таба алмадым» Пәзіл Ақдид «Өмір ішінде бір жалғыз» Ханбибі Есенқарақызы жайлы естеліктер видеоролик арқылы оқырмандар назарына ұсынылды. №46 Абай атындағы жалпы орта мектебінің мұғалімі Гауһар Болат «Нурикамал» әнін оқып берді. Балбырауын күйін орындаған Кәрімбай Қарымжан, Баймат Ақжол. Шара соңында мәнерлеп оқу сағатына қатысқан оқырмандарды, Ошақты ауылдық округі әкімі Нархозиев Аманжет Амангелдіұлының Алғыс хатымен марапатталды.

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі

Мәлімет

Орындаған: Динасилова М

Батан А

2024 жыл

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Отбасы зорлық-зомбылық өзекті мәселе» кітап көрмесі кітапханашылар М.Динаилова, А.Баташымдастыруымен көрме өткізілді.

Мақсаты: отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол бермеу, жастікіншектерге құқықтық заңнамаларды түсіндіру, жаман әдеттерден аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мен саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.

Отбасында зорлық-зомбылыққа жол жоқ!
Нет-насилию в семье!



Егер де Сіз отбасында зорлық-зомбылықтың құрбаны немесе куәгері болсаңыз 102 телефонына хабарласыңыз, Сізге көмек көрсетіледі!
Если вы стали жертвой или свидетелем насилия в семье сообщите по телефону 102. Вам будет оказана помощь!



кескіні
Бесер

Мәлімет

Тақырыбы: «Қазақстанның теңгесі»



Орындаған: Динаилова М

Батан А

2024 жыл

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде Ошақты ауылдық округіне қарасты Ошақты ауылдық кітапханашысы және №46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп кітапханашыларымен бірлесе 15 қараша Ұлттық валюта теңге күніне орай «Қазақстанның теңгесі» атты іс-шара өткізілді. Шара барысында Ошақты ауылдық кітапханашысы А. Тургунбаева оқырмандарға төл теңгеміздің шығу тарихы және ұлттық валютамыздың жасалу ерекшеліктерімен бейнеленген суреттердің мағынасын таныстырып, жаңадан айналымға енген ұлттық валюта туралы, оның енгізудің қажеттілігі туралы мәліметтер берді. Мектеп кітапханашысы Айда Батан оқырмандармен төл валютаның тарихымен таныса отырып, өзара ой пікір алмасты. Оқырмандар ойын арқылы мақал-мәтелдерге және де сұрақтарға жауап берді.

Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі теңгемен тереңірек таныстыра отырып, Туған жеріне, Отанына сүйіспеншілігін ояту. Ұлттық теңгеміздің маңызын насихаттау.



№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі 2024-2025 оқу жылыны арналған кітапханашылардың желтоқсан айының жоспары

Кітапхана меңгерушісі: Динасилова М

Батан А

2024-2025 оқу жылы

Бекітемін:

Мектеп директоры:

Б.Рысбаев

Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінің 2024-2025 оқу жылы

кітапханашылардың желтоқсан айының жоспары.

қ/с	Атқарылатын іс-шара	мерзімі	Жауапты
1	16-Желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні «Тәуелсіздік тұғырым»атты кітап көрмесі	Желтоқсан	Кітапханашы
	Мұқағали Мақатаев «Әр өлеңі- бір әлем»	Желтоқсан	Кітапханашы
	Мұхамеджан Тынышбаевтың туғанына -145 жыл	Желтоқсан	Кітапханашы
	«Салауатты өмір көтеріңкі көңіл»	Желтоқсан	Кітапханашы
	Оқулық тексеру рейді «Таза кітап»	Желтоқсан	Кітапханашы

кітапхана меңгерушісі: М Динасилова

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі

МӘЛІМЕТ


Тақырыбы: «Тәуелсіздік тұғырым»

Орындаған: Батан А

Динасилова М

2025ж

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде 16-Желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні «Тәуелсіздік тұғырым» атты кітап көрмесі және 4 «г» сыныбымен өткізілді. 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде өз тәуелсіздігін жариялады. Дәл осы күні «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң күшіне енді. Заң Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1990 жылдың 25 қазанында қабылдаған Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қағидалары негізінде әзірленді. Қазақстанның тәуелсіздігі мемлекет үшін ғана емес, сондай-ақ бүкіл халық үшін де маңызды іс-әрекетердің бірі болып табылады. 1990 жылы республика тәуелсіздік күнін қалпына келтірді. Содан бері 27 жыл бойы тәуелсіз Қазақстанның тәуелсіздігіне қолдау сыйлауы тарихындағы бұл оқиға 16 желтоқсанда атап өтілі.



№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі

МӘЛІМЕТ

Тақырыбы: Мұқағали Мақатаев «Әр өлең-бір әлем»

Орындаған: Динасилова М

Батан А

2025ж

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде кітапханашылардың ұйымдастыруымен Мұхағали Мақатаевтың «Әр өлең – бір әлем» атты тақырыбында ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқу мен әндерін шырқауға арналған әдеби сазды кеш өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың ұлы ақынның даналығын, рухани асыл-мұраларын насихаттап, өлеңдерін, әндерін мәнерлеп оқуға баулу. Оқушылар өз арнауларын және ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, үлкен толғаныспен жеткізе білді. Оқушылардың өлең оқуы мен ән айту шеберліктеріне қарай отырып, мақсатымызға жеттік деуге болады. Іс-шара барысында өлеңді тақышына келтіріп мәнерлеп оқыған оқушылар марапатталды



№46 АБАЙ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ

Мәлімет

Тақырыбы: «Дәуір даналары»

Орындаған: М.Динасылс

2024-2025 оқу жылы

Мәлімет

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде 11.12.2024 жылы кітапханашылардың ұйымдастыруымен 10-11 сынып оқушылармен Мұхамеджан Тынышбаевтың туғанына -145 жылдығына орай «Дәуір даналары» атты тақырыпта іс-шара өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды қазақтың көрнекті саяси және қоғам қайраткері алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі Алаш-Орда үкіметінің мүшесі және оның төрағасының орынбасары тарихшы-ғалым қазақтан шыққан тұңғыш теміржол қатынастарының инженері болғанын Оқушылар өз ойларын үлкен толғаныспен жеткізе білді.



№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі

МӘЛІМЕТ

Тақырыбы: «Салауатты өмір көтеріңкі көңіл»

Орындаған: Динаилова М

Батан А

2025ж

246 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Салауатты өмір теріңкі көңіл» атты кітапханашылар ұйымдастыруымен өткізілді. Жақсы көңіл—күй - салауатты өмір салтының бір бөлігі. Біз көңілді және бақытты болған кезде сыртқы келбетіміз өзгеріп қана қоймайды, сонымен қатар барлық органдар мен жүйелердің жұмысы жақсарады. Дене позитивтілікпен зарядталады және дұрыс ырғақта жұмыс істей бастайды. Сондықтан салауатты өмір салтын ұстану жақсы көңіл-күйсіз мүмкін емес сеніммен айта аламыз.



№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі 2025-2026 оқу жылына арналған кітапханашылардың қаңтар айының жоспары.

Кітапханашылар: Динасилова М

Батан А

2025ж

Бекітемін:

Мектеп директоры:

М.у.а Ж Сатыбалдин

Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінің 2024-2025 оқу жылғы кітапханашылардың Қаңтар айының жоспары.

қ/с	Атқарылатын іс-шара	Мерзімі	Жауапты
1	«Оқуға құштар мектеп» Жобасы аясында «Қазақ әдебиеті газетіне-90 жыл	Қаңтар	Кітапханашы
2	«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «20-мин кітап оқу»	Қаңтар	Кітапханашы
3	«Оқуға құштар мектеп» Жобасы аясында «Бір сынып-бір кітап» «Шалқан» ертегісіне көрініс	Қаңтар	Кітапханашы
4	«Қалың қалай оқулық?»	Қаңтар	Кітапханашы

Кітапханашылар: М.Динасилова

А. Батан

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі

МӘЛІМЕТ

Тақырыбы: «Қалың қалай оқулық»

Орындаған: Батан А

Динасилова М

2025ж

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде кітапханашылардың ұйымдастыруымен «Қалың қалай оқулық» атты сынып сағаты өткізілді. Оқушылардың оқырмандарымыздың кітапты таза ұқыпты ұстауға түсіндіру және үйрету.

Мақсаты: Оқушыларға оқулықтың маңыздылығын түсіндіре отырып, күтіп ұстауға, құрметтей білуге үйрету. Пайдаланылғанына 6-7 жыл өткен оқулықтарды желімдеп, келесі жылға оқуға жарамды еткен қыздарға төменгі сынып оқушылары рахмет айтады деген сенімдеміз.



№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі 2025-2026 оқу жылына арналған кітапханашылардың ақпан айының жоспары.

Кітапханашылар: Динасилова М

Батан А

2025ж

**Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінің 2025 оқу жылы
кітапханашылардың ақпан айының жоспары.**

/с	Атқарылатын іс-шара	Мерзімі	Жауапты
	«Оқуға құштарлықты қалай арттыруға болады»	Ақпан	Кітапханашылар
	«Жырлайды жүрек» М.Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқу	Ақпан	Кітапханашылар
	«Отты жылдар жаңғырығы» Аудан ардагерлеріне арналады.	Ақпан	Кітапханашылар
	«Шын жүректен кітап сыйла» челлендж	Ақпан	Кітапханашылар
	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Қыз-жібек» операсына - 90жыл	Ақпан	Кітапханашылар

Кітапхана меңгерушісі:

М.Динасилова

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі

МӘЛІМЕТ

Тақырыбы: «Кітап оқуға құштарлықты қалай арттыруға болады?»


Орындаған: Батан А

Динасилова М

2025ж

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде 04.02.2025ж кітапханашылардың ұйымдастыруымен «Кітап оқуға құштарлықты қалай арттыруға болады?» деген тақырыпта іс-шара өткізілді. МАҚСАТЫ: Оқушының ой-өрісін дамыту, іздендіру, мәдениеттілікке тәрбиелеу. Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтасын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету. Кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру. Оқушыларды әдеби кітаптарды оқуға насихаттау арқылы олардың кітап оқуға сүйіспеншілігін арттыру.

XXI ғасырдағы жастар арасында кітап оқу қаншалықты дәрежеде тұр? Иә, бұл сауал кез-келген адамды ойландырары сөзсіз. Алайда, тартыншақтыққа тап болып жатамыз. Кітап дегеніміз – рухани азық емес пе?! Сол кітап ең бірінші болып адам баласының алға қарай қадам басуына, биік белестер мен адамгершіліктің шыңына көтерілуге шексіз ақыл қосады. Кітап – сенің ұстазың. Ол жақсы мен жаманның, ақиқат пен жалғанның айырмашылығын тауып, оларды ажырата білуге үйретеді. Алға дұрыс жол көрсетеді. Алғашқысы, кітапханаға барып, баспадан шыққанын тосып, бояуы кеппеген кітаптың иісін иіскей отырып оны сезіне оқиды. Ал екіншілері, әлеуметтік желілерден не болмаса, электрондық нұсқасын оқығанды жөн көреді. Бұл әрине, ұзақ сапарға шыққан кезде кітапханаға барғанға уақыт тапшы болатындарға таптырмас мүмкіндік. Әркім әр жерден оқыса да, кітаптың берер азығы азаймайды. Лев Толстой: "Жақсы кітап оқу – ақылды адаммен сырласқанмен бірдей" – деген екен. Жалпы айтқанда, кітап – досың да, ақылшың да бола білмек. Ол – құмарлық, адамды тәрбиелей білетін құрал. Бүгінгі таңда кітаптың, кітап оқудың барлық жағынан пайдасын көріп отырмыз. Ал осы үшін адамзат баласының кітапқа деген сүйіспеншілігі мен оған қарыздары қанша?! Орыс халқының ұлы жазушысы М. Горький айтқан сөзі еске еріксіз оралады. Ол айтады: «Мен бойымдағы барлық жақсылығы үшін кітапқа қарыздармын» деп. Ендеше, өмірлік азық етуде қолға кітап алу қай кезде де кеш емес. Әсіресе бүгінгі жастарымыз, білімқұмар азаматтарымыз үшін берік қалқан. Кітап оқу арқылы өзіңді де өзгені де тәрбиелейсің. Ол біз үшін өлшеусіз ақыл қосатын әрі көшбасшылық қасиетті арттыратын ұстазымыз. Заманына қарай адамы. Іздегеннің алдынан іздемей-ақ табылары да анық. Ендеше, жатып, жастана оқыр жастарымыз көбейсін. Еліміздің еңсесін көтерер есті азаматтарымыз тарихымызды тану тіліміз бен дінімізді қасиет тұтса екен демекшімін. Тамырымызды тауып, қадірімізді арттыратын да кітап болмақ. Ендеше, жан азығымызды тек кітаптан іздейік!



№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі

Мәлімет


Тақырыбы: «Шын жүректен кітап сыйла»

Орындаған: Динасилова М

Батан А

2025ж

2025 жылдың 14 ақпан күні, сағат 11.00-де №46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінің кітапханасында А. Батанның ұйымдастыруымен «Халықаралық кітап сыйлау» күніне орай дәстүрлі "Шын жүректен кітап сыйла" акциясы өткізілді. Акцияның мақсаты- кітапқа деген қызығушылықты арттыру және балалар мен жастар арасында кітап оқуды насихаттау. Оқушылардың оқуға деген сүйіспеншілігін дамыту, кітаптың сыйлық ретінде және білім, эмоциялар мен мәдениетті жеткізу құралы ретінде маңыздылығын түсіну, балаларға кітаптарды шабыт пен тәрбиенің қайнар көзі ретінде бағалауға үйрету, сондай-ақ кітап беру мейірімділік пен құрметке қалай айналатынын түсіну. Бұл атаулы күн 2012 жылдан бері аталып өтіледі. Мерекенің ерекшелігі – адамдар бір-біріне құрмет пен сыйластықтың белгісі ретінде сыйлыққа кітап ұсынады, әдеби мұраларға құрмет артады. Акцияға оқушылар, мұғалімдер, зейнеткерлер зиялы қауым өкілдері, кітап авторлары мен оқырмандар соңғы уақытта шыққан кітаптарын сыйға тартып, акцияға белсене қатысты. Акция кітапхана қорын жаңа кітаптармен, шетелдік басылымдармен толықтыруға мүмкіндік береді. Іс-шараны А.Кененбаев директорымыз ашып берді. Іс-шарамызда зейнеткер М.Мыржанов өзінің соңғы уақытта оқыған кітаптарын сыйлады. Кітапханамызға еңбегі сіңірген Ф.Тілемисова апайымыз және Р.Медеуова.В.Шурабекова ұстаздарымыз кітапханаға кітап сыйлады. Мектеп оқушылары да кітап сыйлап өз үлестерін қосты.





№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2025-2026 жылына арналған кітапханашылардың Сәуір айының жоспары.

Кітапханашылар: Динасилова М

Батан А

2025ж

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі

Мәлімет

Тақырыбы: «1-сәуір Тілендиев Нұрғиса Атабайұлы 100жыл »

Орындаған: Динаилова М

Батан А

2025ж

№46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде 1-сәуір Тілендиев Нұрғиса Атабайұлы 100 жыл атты іс шара кітапханашылардың ұйымдастыруымен өткізілді. 5-7 сыныптар арасындар композитор, дирижер, КСРО және Қазақстанның халық артисі Қазақстанның халық қақарманы, тұралы мәлімет берілді. 2025 жылы қазақ халқы ұлы композитор, домбырашы, дирижер және өнер қайраткері Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толуын атап өтеді. Нұрғиса Тілендиев 1925 жылы 1 сәуірде Алматы облысының Іле ауданында дүниеге келді. Оның балалық шағы Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарына тұспа-тұс келді. Тілендиев музыкаға жас кезінен қызығып, домбырамен таныс болды. Өзінің өнер жолын ерте бастауға ұмтылды. 1949 жылы Алматы консерваториясының халық аспаптары факультетіне оқуға түсіп, қазақ музыкасының асыл мұраларымен танысты. Оқу орнын 1954 жылы тамамдағаннан кейін, ол қазақ өнерінде терең із қалдырып, халықтың мәдениетіне өлшеусіз үлес қосты. Тілендиевтің шығармашылығында қазақтың ұлттық музыкасы ерекше орын алады. Оның композиторлық еңбегі көптеген әндер мен күйлерді қамтиды, оның ішінде «Аққу», «Сарыарқа», «Қараторғай» сияқты танымал шығармалары бар. Әрбір туындысы қазақ халқының тұрмысын, рухын, табиғатын бейнелейді. Ол музыкасы тыңдаушының жүрегіне терең әсер етіп, ұлттық өнердің сұлулығын кеңінен танытуға мүмкіндік берді. Нұрғиса Тілендиевтің музыкалық қызметі тек композиторлық жұмысымен шектелмей, дирижерлік салада да айтарлықтай із қалдырды. Ол Қазақ мемлекеттік филармониясының жетекшісі, сондай-ақ бірнеше оркестрлер мен ансамбльдердің бас дирижері ретінде қызмет атқарды. Оның жетекшілігімен оркестрлер қазақ музыкасын жаңа деңгейге көтеріп, ұлтық музыканың әлемдік сахнада танылуына себеп болды. Ол Қазақстанның Мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінің жетекшісі болуымен бірге, бірақ оның негізгі жұмысы түрлі оркестрлермен және ансамбльдермен қазақтың музыкалық мәдениетін насихаттауда болды. Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылығы қазақ музыкасына жаңашылдықпен терең руханилық әкелді. Ол халық музыкасында заманауи үрдістерді этно-музыкалық элементтерді үйлестіре отырып, жаңа көзқарастарды енгізді. Оның шығармалары әлі күнге дейін көптеген орындаушылар мен дирижерлер тарапынан жоғары бағаланады. Ол тек қазақтың музыкасына ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының мәдениетіне де өзіндік үлесін қосты.

мәдениетін ғана емес, бүкіл әлемге қазақ халқының бай өнерін танытты. Тілендиевтің өмірі мен шығармашылығы ұлттық өнердің тұтастығын сақтауға және дамытуға бағытталған. Ол қазақтың домбыра өнерін әлемге танытқан өнер қайраткері ретінде тарихта қалды. Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толуы — тек қазақстандықтар үшін ғана емес, бүкіл әлемге қазақ мәдениетін таныту жолындағы маңызды кезең. Оның шығармашылығы бүгінгі күні де жас ұрпаққа ұлттық өнерді сүйеге, оны құрметтеуге және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге үлгі болып табылады. Әлемдегі қазақ мәдениетінің асқақ туы болған Нұрғиса Тілендиевтің есімі мәңгілікке қалатын болады. 2025 жылы оның шығармашылығына арналған іс-шаралар мен концерттер қазақ халқының осы ұлы тұлғаның мұрасына деген құрметін көрсетеді, ал Тілендиевтің музыкасы тыңдаушыларға рухани азық болуды жалғастыра береді.



Мәлімет

Тақырыбы: «Қалың қалай оқулық?»

Орындаған: Динаилова М

Батан А

2025ж

№ 46 Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінде кітапханашылардың ұйымдастыруымен 2025 жылғы наурыз айында кітапқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу және оқу қорын сақтау мақсатында мектеп кітапханасының жұмыс жоспарына сәйкес біздің мектепте " Қалың қалай оқулық? Жыл соңында оқулықтарды тексеру Рейд 1-11 сыныптарда мектеп оқулықтарын тексеру бойынша ұйымдастырылды. Рейд барысында оқушыларға мектеп кітапханасы қорынан оқулықтарды пайдаланудың негізгі ережелері, кітаптардың бүлінуі мен жоғалуы үшін жауапкершілік туралы тағы да еске салынды. Тексеру келесі позициялар бойынша жүргізілді: Оқу құралының сыртқы түрі мен жай-күйі (жөндеу, белгілерді жою);

Алынбалы оқулық мұқабасының болуы;

Оқулықтардың сақталуы ("жоғалтулардың" болмауы);

Оқулықтарда бетбелгілердің болуы.

Тексеру нәтижесінде келесі қорытындылар жасалды: бастауыш сынып оқушылары оқулықтарға адал қарайды, оларды жақсы жағдайда ұстайды. Бұл сынып жетекшілері мен ата-аналардың үлкен еңбегі.

